

Фильм басында қара фонда қазақша, ағылшынша ескертпе шығады.

Бұл фильмдегі барлық оқиғалар мен қосымшалар ойдан шығарылған. Олар шынайы компаниялардың немесе адамдармен байланысқа ие емес. Бұл-киберқауіпсіздік тақырыбындағы жоба.

Disclaimer: This film is a work of fiction. All characters, events, and apps are entirely fictional. Any resemblance to real people or companies is purely coincidental

1) Көрініс: Басты кейіпкер қыз Айым, құрбысы Жаннамен паркте кездесіп отыр.

Диалог

-Жанна: Мм, Айым қарашы, мен жақында мынадай приложение тартып алдым. Реально, супер помогает. Осыны тартып алғалы, уақытымды тиімді өткізіп жүрмін.

-Айым: Қойш

-Жанна: Шын, сенде тартып алсайш, керек болады.

-Айым: Аха,кешке көрем, жібере сал.

-Жанна: Ладно)))

2) Айым: түнде төсекте, телефон көріп жатады. Сосын құрбысынан қосымша ссылкасы келеді.

Айым: Мм, осы ма, жақсы - деп жүктеп алады. Қосымша ішіне кіріп, құпиялық саясатын көреді.

-Уфф, мұны кім оқиды дейсің?- деп "Келісемін" батырмасын басады.

Айым ұйқыға кетеді.

Телефон өздігінен іске қосылып кетеді.

3) Таң ертең, телефоннан будильник шырылдайды.

Айым оятқышты өшіріп, қосымшадан келген хабарламаны оқиды.

Қайырлы таң! 😊 Таңғы асқа омлет пен кофе іш.

Айым таңырқап; ту расында супер. Окей)

Айым: таңғы асқа омлет пен кофені ішіп отырып,, тағы келген хабарламаны оқиды.

"Бүгінгі күніңіз сәтті болуы үшін жұмыс жасаймыз. Бүгін қоңыр түсті киім киіп, 13:00түскі асқа фас футқа, донер жеуге барыңыз.

Айым қоңыр түсті киімін киіп, жұмыстарын жасауға шығады. Жұмыстарын жасап болып, түскі асқа Фаст футқа келе жатып, .....

4) Көрініс: құрбысы екеуі кезігіп қалады.

Айым: Привееет! Сен де осы жердесің бе? Мм, неткен сәкестік десеңші. Аа, айтпақшы Жанна, сен айтқан қосымша бар ғой, сол өте күшті екен.

Жанна: Я, айттым ғой саған. Барлығы соның айтқанымен. Қазір мен ештеңені ойламаймын, ол мен үшін бәрін ойластырып береді.

Айым: Да!? Бірдей жүріп жатыр екенбіз ғой. Бүгінгі лугымды да сол таңдап берді. Но для меня это чуть чуть странно. Ол мен туралы бәрін білетін сияқты.

Жанна: Не переживай. Это нормально

5) Көрініс: Айым магазинге кіріп бір нәрсе алып, кассаға төлеу үшін барады. Картамен төлемекші болады. Бірақ төленбейді. Телефонына дауысты хабарлама келеді.

Бұл зат жүйеде жоқ. Картағыз бұғатталды.

Айым қатты күмәнданып, шок болады.

Үйіне қайтады.

Телефоннан дауыс естіледі.

Қосымша: Сіз бүгін біздің жүйеге күмән келтірдіңіз. Бұл бізге ұнамайды. Біз сіз үшін шешім қабылдаймыз.

Айым қатты шошып кетеді. Сол кезде ноутбук қосылып, Айым туралы мәліметтерді шығарып, айта бастайды.

Ол не істерін білмей қорқады.

Қосымшаны өшіруге тырысады. Бірақ телефоннан дауыс естіледі.

Деректерді өшіру мүмкін емес. Сіз өзіңіз туралы ақпараттарды еркін пайдалануға келісім бердіңіз. Ол қатты қорыққан күйі үйінен шығып, IT саласының маманы, досына барады.

Бұл приложение менің өміріме байланысты, жеке деректердің барлығын басқаруда. Оны тоқтату мүмкін емес.

Досы оны ұзақ қарап, "Келісімнен бас тарту" батырмасын табады. Оны басады. Бірақ қосымшадан дауыс немесе Жаннаның ИИ бейнесі шығады:

Сіз бізден бас тартудасыз. Біз сіз үшін барлығын ойластырдық, сіз жай ғана оңай өмір сүрдіңіз.

Бас тарту батырмасы басылды. Деректер өшірілді. Қосымша жойылды. Экран қарайды.

#### 5) Соңғы кадр

Кейіпкер, немесе роботтың ии-дені бейнесі:

Цифрлық келісім-жай ғана түйме емес. Ол-сенің өміріңе рұқсат.

Экрандағы соңғы қара фондағы жазу. Сіз соңғы рет қашан құпиялық саясатын оқыдыңыз? Қашан неге келіскеніңізді білесіз бе?

